

**2010 жылдың 28 шілдедегі № 07 "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерту енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 тамыздағы N 95 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 01 қазанда N 5-6-119 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012 жылғы 20 наурыздағы N 05/754 хаты)

**Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012.03.20 N 05/754 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-4) тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 28 бабына сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 шілдедегі № 07 «Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы» (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-6-113, 2010 жылдың 19 тамызында тіркелген, «Аягөз жаңалықтары» газетінің 2010 жылғы 28 тамыздағы № 39 (9943) санында жарияланған) қаулысына келесі өзгерту енгізілсін:

5 тармақ келесі мазмұнда жазылсын:

«Жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасқан жұмыссыздардың және халықтың нысаналы тобындағы жұмыспен қамтылмағандардың еңбекақысын төлеуге шыққан шығындар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі еңбекақының сексен пайызы мөлшерінде бөліммен жергілікті бюджет қаражаты есебінен ішінара жұмыс берушінің есеп шотына аударылады.».

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н. С ұ л т а н о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК